

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТИ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

« 08 » 11 2018 ж./г.

№ 2

**АЭЖБУ базасындағы «Телекоммуникациялар»
және «Инженерия және инженерлік іс»
кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-
әдістемелік бірлестіктің отырысы**

Төрағалық етті – С.В. Коньшин, АЭЖБУ АҚ жөніндегі проректоры;
Қатысқандар: РОӘК ОӘБ мүшелерінің 49-ң 33-і (тізім қоса берілді).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері туралы ережені бекіту туралы ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығымен танысу. *Баяндамашы – ОӘБ төрағасының орынбасары.*
2. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ құрылымы және секция құрамын бекіту туралы *Баяндамашы – ОӘБ төрағасының орынбасары.*
3. Магистратураға түсу кезінде кешенді тестілеу өткізу үшін бейінді пәндер тізімінің жобасын талқылау және магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеудің тест спецификациясын анықтау. *Баяндамашы – ОӘБ төрағасының орынбасары.*
4. Оқу құралдарын ұсыну. *Баяндамашы – ОӘБ төрағасының орынбасары.*

1. ТЫҢДАЛДЫ: АЭЖБУ-дің академиялық қызмет жөніндегі проректоры С.В. Коньшин қатысушыларды «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері туралы ережені бекіту» туралы ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығымен таныстырды.

Бұл бұйрыққа сәйкес «Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ базасында «Телекоммуникациялар», «Инженерия және инженерлік іс» (*Электр техникасы және энергетика, Ғарыштық техника және*

000016


технологиялар) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі құрылды.

ҚАБЫЛДАНДЫ: ақпарат назарға алынсын.

Шешім бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: АЭЖБУ-дің академиялық қызмет жөніндегі проректоры С.В. Коньшин ОӘБ құрыламының жобасын ұсынды және байланысты ОӘБ құрамына өзгертулер енгізуді ұсынды және 562 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері туралы ережені бекіту» туралы ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № бұйрығына сәйкес ОӘБ құрамын қайта құруды ұсынды.

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ базасындағы оқу-әдістемелік бірлестіктің құрылымы



ОӘБ төрағасы, АЭЖБУ ректоры С.С. Сагинтаеваның атына 31.10.2018 ж. «Тұран» университетінің проректоры К.А. Тазабековтың «Радиотехника,

электроника және телекоммуникациялар» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Бекмагамбетова Жанат Мухитовнаны 5В071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша ОӘБ құрамына қосу туралы № 04-07/1428 хаты келіп түскендігін хабарлады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері туралы ережеге» сәйкес АЭЖБУ базасындағы ОӘБ құрылымын бекіту үшін ашық дауыс берілді.

Дауыс беру нәтижесі: қолдағандар – 33, қарсы болғандар – жоқ, қалыс қалғандар – жоқ.

ҚАБЫЛДАНДЫ:

1) «Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ құрамына құрамына «Тұран» университетінің «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Бекмагамбетова Жанат Мухитовна енгізілсін;

2) АЭЖБУ базасындағы кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ-н құрылымы бекітілсін;

3) «Телекоммуникациялар», «Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыттары бойынша кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарына және ұйымдарға ОӘБ құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы өтінішпен хат жолдансын.

Шешім бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: АЭЖБУ-дің академиялық қызмет жөніндегі проректоры С.В. Коньшин Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры А.Тойбаевтың магистратураға түсу кезінде кешенді тестілеу өткізу үшін бейінді пәндер тізбесінің жобасын жіберіп, 2018 жылдың 8 қарашасына дейін магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеудің тест спецификациясын анықтауды ОӘБ отырысында қарастыруды сұраған хатының келіп түскенін хабарлады.

Талқылауға қатысқандар: Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Ғарыш аппараттарын пайдалану» кафедрасының меңгерушісі Тулекбаев Ерлан Таштаевич, «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ профессоры Айтмагамбетов Алтай Зуфарович, АЭЖБУ «Өнеркәсіптік жылу энергетика» кафедрасының профессоры Сериков Эрнест Акимович, электр энергетика және электр техника институтының директоры Саухимов Алмаз Абжалиевич; АЭЖБУ «Телекоммуникациялық желілер және жүйелер» кафедрасының меңгерушісі Байкенов Алимжан Сергеевич, «Электрмен жабдықтау және жаңғырылатын энергия көздері» кафедрасының меңгерушісі Тергемес Қажибек Тілеуғалиұлы; «Ғарыштық техника және технологиялар» кафедрасының меңгерушісі Алипбаев Куаныш Арингожаевич; «Электр машиналары және электр жетегі» кафедрасының меңгерушісі Калиева Казима

Жанбырбаевна; «Электр машиналары және электр жетегі» кафедрасының профессоры Мустафин Марат Аскарлович.

Дауыс беру нәтижесі: қолдағандар – 33, қарсы болғандар – жоқ, қалыс қалғандар – жоқ.

ҚАБЫЛДАНДЫ:

1) «Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Электр техникасы және энергетика» білім беру бағдарламаларының тобын арнайы дайындық бойынша айтарлықтай әртүрлі пәндер болғандықтан екі топқа бөлу ұсынылсын: «Жылу энергетикасы» және «Энергетика және электр техникасы»

2) «Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Авиациялық, ғарыштық техника және нанотехнологиялар» білім беру бағдарламалар тобының атауын «Ғарыштық инженерия» атауына өзгерту ұсынылсын.

3) Магистратураға түсу кезінде кешенді тестілеу өткізу үшін бейінді пәндердің тізімі ұсынылсын:

«Телекоммуникациялар» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар» білім беру бағдарламалар тобында:

1-пән: (БП) Электрлік байланыс теориясы;

2-пән: (МП) Радиотехника және телекоммуникация негіздері.

«Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Ғарыштық инженерия» білім беру бағдарламалар тобында:

1-пән: (БП) Математика;

2-пән: (МП) Физика.

«Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламалар тобында:

1-пән: (БП) Жылу техникасының теориялық негіздері;

2-пән: (МП) Қазандық қондырғылар және жылулық қозғалтқыштар.

«Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Энергетика және электртехникасы» білім беру бағдарламалар тобында:

1-пән: (БП) Электр техникасының теориялық негіздері;

2-пән: (МП) Электрлік машиналар.

4) магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеудің тест спецификациясының тізбесі ұсынылсын.

Шешім бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: ОӘБ төрайымының орынбасары, АЭЖБУ АҚ жөніндегі проректоры С.В. Коньшин РОӘК ОӘБ/ҚР БҒМ грифін қою үшін келіп түскен оқу құралын талқылауға ұсынды:

1. «Professional oriented foreign language. Studi guide for students of specialty 5B071700 – Heat power engineering for improvement on students reading skills of scientific and technical texts» 5B071700 – «Жылу энергетикасы» мамандығында оқитын студенттерге арналған ағылшын тіліндегі оқу құралы. Авторлары: ф.ғ.д., доцент Л.Ю. Мирзоева, оқытушы Ж.Б. Ержанова («Алматы энергетика және

байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ). Көлемі 6.4 б.б. Рецензенттер: ф.ғ.д., Сулеймен Демирел Университетінің профессоры М.С. Жолшаева, ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті М.К. Абаева, х.ғ.к., АЭЖБУ доценті Г.Ш.Оспанова.

Оқу құралына қажетті рецензиялар, университеттің Ғылыми кеңесінің хаттамасынан үзінді ұсынылды.

С.В. Коньшин оқу құралына жазылған сараптама қорытындысын оқып берді.

Дауыс беру нәтижесі: қолдағандар – 33, қарсы болғандар – жоқ, қалыс қалғандар – жоқ.

ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. «Professional oriented foreign language. Studi guide for students of specialty 5B071700 – Heat power engineering for improvement on students reading skills of scientific and technical texts» ағылшын тіліндегі 5B071700 – «Жылу энергетикасы» мамандығында оқитын студенттерге арналған оқу құралына РОӘК ОӘБ грифі берілсін. Оқу құралының авторы: ф.ғ.д., доцент Л.Ю. Мирзоева, оқытушы Ж.Б.Ержанова («Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ). Көлемі 6.4 б.б.

Шешім бірауыздан қабылданды.

**РОӘК ОӘБ төрайымының
орынбасары**

РОӘК ОӘБ хатшысы



С. Коньшин

Т. Оспангазиева